

2016 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аудандар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 7 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 наурызда № 2951 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қыркүйектегі № 274 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 08.09.2016 № 274 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген) бекітілген Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аудандар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.

Нұралиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

01.02.2016 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің
2016 жылғы 18 қаңтардағы
№ 7 қаулысына қосымша

**2016 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының
тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аудандар
бойынша және дақылдар бөлінісінде**

килограмм/гектар

№	Аудан аттары	Бидай	Арпа	Сұлы	Жүгері (гибрид)	Дәнді-бұршақты	Қытай бұршағы
1	Байзақ	4,550	4,182	2,600	26,000	13,000	0,650
2	Жамбыл	4,550	4,182	2,600	26,000	14,300	0,650
3	Жуалы	4,550	4,189	2,600	26,000	14,300	0,624
4	Қордай	4,542	4,186	2,600	26,000	14,300	0,520
5	Тұрар Рысқұлов	4,544	4,187	2,600	26,000	13,867	0,867
6	Меркі	4,545	4,190	2,600	26,000	14,300	0,650
7	Сарысу		4,894	2,600	26,000		
8	Талас	4,457	4,186	2,600			
9	Мойынқұм		5,200				
10	Шу	4,545	4,189	2,600	26,000	14,300	0,520

кестенің жалғасы:

№	Аудан аттары	Күнбағыс сорт	Максары	Қ а н т қызылшасы	Бұршақты көпжылдық шөптер	Біржылдық шөптер	Картоп
1	Байзақ	0,325	0,223	26,000	19,500	0,044	134,271
2	Жамбыл	0,433	0,226	26,000	19,500	0,016	134,225
3	Жуалы	0,433	0,224	26,000	19,500	0,037	134,225
4	Қордай	0,433	0,223	26,000	19,500	0,020	134,225
5	Тұрар Рысқұлов	0,416	0,224	26,000	19,500	0,052	134,333
6	Меркі	0,390	0,224	26,000	19,500	0,037	134,271
7	Сарысу		0,225		19,500	0,052	
8	Талас		0,228		19,500	0,046	
9	Мойынқұм				19,500	0,046	

10	Шу	0,520	0,224	26,000	19,500	0,020	134,225
----	----	-------	-------	--------	--------	-------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК